

УДК 325(517+574)

Құсбегілік – бейзаттық мәдениеттің ежелгі түрі**Төлєнова Зирабүбі Маймаққызы**

т.ғ.к., доцент, бөлім бастығы, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты. 480021 Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Шевченко к-сі, 28. E-mail: tolenova@mail.ru

Түйін. Мақалада автор дәстүрлі бейзаттық мәдениет түрі ретінде қалыптасқан қазақы құндылықтарымыздың бірі – құсбегілік және саятшылықтың дәстүрлі қазақ қоғамында алған орнын және оның бүгінгі күндегі қайта жаңғыруын тарихи-этнографиялық экспедиция материалдары негізінде көрсетеді. Бабалардан қалған құндылықтар және баға жетпес мұра – құсбегілік өнері екені даусыз. Осынау өнерді ары қарай дамыту және қолдау мақсатында ең алдымен оның шығу тарихы мен далалық салт-санада алатын орнын зерделеуі қажеттігін ұсына отырып, қолданыстан шыға бастаған құсбегілікке қатысты атаулармен таныстырады.

Түйін сөздер: құсбегілік; саятшылық; бейзаттық мәдениет; құндылықтар; бүркіт; «бүркітші биялайы»; «шырға»; «балдақ»; «далбай»; «томаға»; «аяқбау».

Адамзат тарихындағы бейзаттық мәдениет түрі ретінде қалыптасқан қазақы құндылықтарымыздың бірі – құсбегілік. Өткенімізге бір сәт тереңнен ой жүгіртер болсақ, онда ең алдымен Тұран даласын, жалпы түркілердің қара шаңырағы атанған қазақтың кең даласын мекен еткен көшпенділер өмірі көз алдыңыздан өтеді. Ал көшпенділер десек, көз алдымызға жүйрік тұлпар мінген, бес қаруы сай, қолында қыраны, қасында ерткен тазысы бар тәуелсіз өр жауынгер халық елестейді. Сол жауынгер бабалардан қалған бірден бір мұра – құсбегілік екені даусыз. Өткенге деген құрметіміз өшпесін десек, бабадан өлмес мұраға қалған өнердің ары қарай дамуы үшін демеп, қолдау көрсету үшін оның шығу тарихы мен далалық салт-санада алатын орнын зерделеуіміз қажет.

Тарих пен мәдениет тұрғысынан алып қарағанда, саятшылықтың дамуы өте қызғылықты. Қазақ саятшылары бүркіт, бидайық, сұңқар, қаршыға, бөктергі, ителгі, сапсаң тағы с.с. көптеген алушы құстарды баптап өздері алатын құстарға түсуді үйреткен. Бұл өнер қырғыз, араб ішінара түркімендердің арасында да дамыған өнер.

Бабаларымыздың қымбат қазынаға балаған адал серігі – қыран бүркіт болған. Бүркітті ата-бабаларымыз текті құс деп бағалаған. Кейбір деректерге сүйенсек, құсбегілердің бүркітті қадірлегендері соншалықты, «ол өлсе, иесі оны қауырсын, мамығы, құйрығы, басы, тұяғымен, кейде «бітеу» немесе жара сойып, үй төріне қанатын кере іліп қоятын болған. Бұл «бүркіттен пәле-жала қашады» деген нанымнан туса керек. Бүркіттің мамығын жастыққа салып жатса, басты пәледен сақтайды деседі. Ал осы бүркіттің саусағын, тырнақтарын тұмар ретінде қолданған. Тіпті, біздің бала күнімізде шала туған баланы үлкен түлкі тымаққа салып, боғаға іліп, тымақтың бір шетіне бүркіт тұяғы мен қауырсынын іліп қоятын. Ол шала туған сәбиді киелі құстың қорғайды деген нанымнан туса керек.

Далалық қоғамдағы құсбегілік өнер екі жақты сипат алғанын көреміз. Алғашқысында қоғамның ақсүйектілері, яғни хандар мен төре, билер, сал-серілердің қолы бос кездегі ермегі болса, екінші жағынан тұрмыстық жағдайы нашар отбасылардың күнкөріс көзі ретінде қалыптасып, дамыды. Тіпті халық басына төнген зар замандарда, аштық пен жұт жылдары құсбегілер өзінің баптаған құстарымен тұтас ауылын асыраған кезде болған екен. Ауыз әдебиеті мен тарихи әңгімелерге көз жүгіртер болсақ, Жошы ханның 3 мыңға жуық қыранды, Абылай ханның 500 бүркіт пен 300 қаршыға мен сұңқарды баптап ұстағаны, Ұлы Абайдың,

Шоқанның, Жаяу Мұсаның, Үкілі Ыбырайдың, Біржан сал мен Ақан серінің, т.б. саятшылық өнерді құрмет тұтқанын байқаймыз. Құсбегілік туралы халық арасында аңыз-әңгімелер өте көп.

Осыған қатысты ел арасынан жинақталған мына мәліметтерге тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. 2013 жылдың желтоқсаны мен 2014 жылдың қаңтар айларында «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында «Жүз қария», «Жүз ауыл», «Ою-өрнек сырлары», «Шежіре» бағыттары бойыншатарихи-мәдени экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция нақтылы бағдарлама мен бағыттар бойынша жүрді. Осы экспедиция аясында Жамбыл облысының Жуалы, Байзақ, Т. Рысқұлов, Меркі аудандарының көнекөз қарияларымен кездесіп, ауыл тарихы мен жер-су атауларына қатысты халық жадында сақталған ауызша тарих пен ұлттық құндылықтарымызды жинау барысында осы құсбегілікке және саятшылыққа қатысты біраз материалдар жинақтап, республикалық деңгейде өтетін құсбегілер жарысының жеңімпаздарымен кездесіп, олардан құсбегілік туралы жинақтаған тәжірибелерімен таныса алдық.

Мысалға, Жамбыл облысы Меркі ауданы Мыңқазан ауылының тұрғыны **Әкімбеков Жалғас Бабажанұлы** (1972 жылы туылған, руы – Ботбай) 24 жылдан бері құсбегілік және қазақ тазыларын баптаумен айналысып келеді. Бастапқыда құсбегілікті атақты жергілікті құсбегі Кәдірқұл атадан үйренген. Нағашы аталары да атақты аңшылар болған.

Бүгінде Жалғастың баптауында «Лашын», «Көкқасқа», «Айтұмар» атты тазылары бар.

Жалғастың айтуы бойынша, тазыларды жаратылысы мен бейімділігіне қарай аңға салады. Мысалы, «Көкқасқа» тазының анасы нашарлау болғандықтан, қасқыр алмайды, 3 жаста, ал «Лашын» 1 жастан асқан, оның қаны жарғақ құлақ тазы мен американдық «Грехауд» тазымен будандастырылып алғандықтан, жылдам, өте ұшқыр, түлкі алуға бейімделген.

Жалғастың әңгімесі:

Құсбегілікте қолданылатын құстарды *үлкен аушы құстар* және *кішірек қыран құстар* деп екіге бөледі.

Аушы құстардың жаратылыс ерекшеліктері, дене мүшелерінің өз атаулары бар. Мысалы, бүркіттің аяғы (тегеурін, жембасар, шығым, шеңгел) төрт саусақтан және тұяқ, пышақ, көбе, без, табан, аяқ қышыры дейтін бөліктерден тұрады екен. Құс аяғының күшті болуы ондағы бұлшық ет, тарамыс, сіңірлер сүйекпен бірге біткендігімен байланысты.

Құсбегі жабдықтары: бүркітші биялайы, шырға, балдақ, далбай, томағалар, аяқбаулар деп аталады.

Құсбегілікке тән кейбір жоралғылар да бар:

«Бауашар» – бүркіт пен тазының бірінші рет аң алғанын айтады. Сондай-ақ кез-келген құсбегі алғашқы теріні де өз босағасына іледі.

Құсбегілер арасында бүркіттің жасына қатысты атаулар қалыптасқан.

1 жас – Ақұрпек, Балапан, тірнек;

2-ші түлек – тастүлек, ана, қана, жана

Құмтүлек – 2 рет түлейді, сұмтүлек – осы түлектен соң құсты босатып жібереді. Әрбір жастың арасы 2 жылдан есептеледі.

Елімізде бүркіттің жеті түрі мекендейді екен. Олар ұясын еліміздің оңтүстігіндегі адам аяғы баспаған мұзарт шыңдар мен қия жартастарға, ормандарда кездесетін бүркіттер алыс түкпірлердегі кәрі ағаштың ұшар басына салады. Бүркіт сақ келеді, адам көзіне түспеуге тырысады екен.

Қариялардан естуімше, бүркіттің бір мәрте жұмыртқа салған ұясын оның

бүкіл үрім-бұтағы пайдаланады екен. Содан оның түсі де ұя салған тасына байланысты, яғни тас қара болса, бүркіттің түсі қара, қызыл болса, қызыл реңді болып келеді екен.

Бүркітті негізінен екі жолмен ұстап, қолға үйретеді. Түзден ұсталған құсты қолға үйрету өте қиын, ол үшін кемінде бір-екі жыл қажет. Бүркітті қанаты қатпаған сары ауыз балапан кезінде ұядан алып, баулыған жеңіл. Бауырын жазбаған ақүрпек балапан қолға тез көндігеді. Және де балапанды қолға алған соң оған балақбау тағып, томаға кигізеді. Ең алдымен бала бүркітке шырға тартқызамыз. Үш-төрт қадам әрі барып, аяқбаудың ұшынан ұстап тұрып биялайлы қолындағы етке «кел, кел» деп шақырып үйретеді. Бұдан кейін түлкінің бас терісінің, не қоян терісінің ішіне кішкене ет немесе өкпеге қант сеуіп тығып қою қажет. Сонан соң оны ұзын жіп жалғап сүйрете қашып, бүркітті соған түсіреді. Мұны «далбай тастап, шырға тарту» дейді. Далбайдан соң тірі аңдарды шырғалап, балапанды енді соған түсіріп, үйретеміз. Тірі аңдармен шырғалауды «тірілеу» деп атайды. Тірілеуден кейін құс қайыруға келеді. Қайыруға келген құс әбден үйренген құс болып есептеледі де аңшылыққа шығуға дайындаламыз. Біздің Меркі өңірі бір жағынан таулы, бір жағынан жазықты болып келеді де, аңға шығу да соған қарай бейімделеді.

Жалғас Бабажанұлының бүгінде баптап, аңға және саятшылық жарыстарға қосып отырған бүркіті Қоңырдолы – ана бүркіт, 5 жаста. Мінезі өте долы болғандықтан солай атаған және мінезіне сай аңға да алғыр. Республикалық және Моңғолиямен көршілес Қырғызстанда өткен жарыстарда жеңімпаз атанған.

Ал 14 жастағы баласы Бақдәулет Жалғасұлының құсы – Қапсалған, тірнек балапан, 2 жасар бүркіт. Қазақта құсқа ат қоюда оның мінезі мен алғырлығына және қазақы ырымдарға байланысты болады екен. Мысалға, Бабажанның құсының атын «қапсалған» деп Моңғолиялық Шаку деген аңшының құсы қанжығасын құсқа толтырып ұстайды екен, соған ырымдап қойған. Келесі құсы қаршыға Көкжендет те өте алғыр құс. Алматы облысы Көкбастау ауылында өткен «Сонар – 2011» жарысында III орын алып, дипломмен марапатталған. Ал Қоңырдолы 2012 жылы «Алғыр қыран» (Қызылордада өткен), 2013 жылы Астана, Балқарағайда өткен бүркітшілердің Халықаралық I фестивалінде 50 бүркіттің ішінде Қапсалған VI, Қоңырдолы IX орынды иеленді. Қарағандыда өткен «Салбурын - 2013» жарысында баласы Бақдәулеттің Таймас атты қаршыға құсы I орынды иеленді.

7 жастағы ұлы Берікболсынның Қанжар атты 1 жасар қаршығасы Есік қаласында 2014 жылғы ақпанда өткен «Сонар-2014» жарысында III орын, Қарқаралыда өткен Қазақстан ересектері арасында өткен IX чемпионатта «Қапсалған» атты бүркіті мен «Таймас» атты қаршыға құсы I орынды иеленді.

Міне өздеріңіз көріп отырғандай, бабадан атаға, атадан балаға мирас болып келе жатқан бекзаттық мәдениет, бекзаттық өнердің бүгінде жаңарып, жаңғырған түрде қайтадан қолға алынып келе жатқандығын көріп, көңіліміз толды. Осы тұста ерекше айта кетеріміз, бабадан қалған бекзаттық өнерді Жалғас Бабажанұлы секілді өз ұлдарына да ерінбей үйретіп, аңшылық пен құсбегіліктің қыр-сырын ғана меңгертіп қоймай, өзімен бірге үлкен бәйгелерге қатыстырып, тәрбиелеуі де үлкен ерлік пен пара-пар дүние десек болғандай.

Осы экспедиция барысында Жуалы ауданының тұрғыны, мектеп мұғалімі Байдалиев Дәулетжаннан да құсбегілікке қатысты қызықты деректер алдық.

Информатор: Байдалиев Дәулетжан. Туған жылы: 1950.02.12.

Әлеуметтік жағдайы: мұғалім. Білімі: жоғары. Жамбыл гидромелиоративтік институтының құрылыс факультетін бітірген.

Еңбек өтілі: 43 жыл. СПТУ – 27 жыл, мұғалім, тәрбиеші, оқу ісінің меңгерушісі,

директор қызметтерін атқарған. Руы: қаңлы. Таңбасы – көсеу. Ұраны – Келдібек. Жайлауы – Абайыл – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы Ақсу-жабағылы етегі, Құлан тауымен жалғасады. Өз ұмтылысымен, еңбегімен өлкетану ісіне үлес қосып жүрген азамат. Елінің, жерінің тарихына деген қызығушылығынан сол жердегі қазылмаған обалар, төбелерден археологиялық жәдігерлерді жинап отыр. Ол кісіден жер-су атауларының тарихына байланысты біраз мәліметтер жазылып алынды. Сондай-ақ, бүркіт жасына қатысты **Байдалиев Дәулетжанның** қолжазбаларынан мыналарды жазып алдық.

Бүркіттің жасы

1. Балапан шақ

2. Құс патшасы, қанаттының пірі деп,
Бүркітті ерлік, қырағылық шыңы деп.
Төңір тұтып, киеліге санаған,
Қазақ «жеті қазынаның бірі» деп.
3. Өр жастағы құстың түр мен сынына,
Атау берген сай келетін ұғымға.
Құсбегілер мүшел жасты сипаттап,
Он екі атпен бөлген дәуір, буынға.
4. Жаратылыс жасампаз да, шебер де,
Табиғаттың тылсым сыры тереңде
Жұмыртқаны жарып шығар жарыққа,
Құс атаулы тіршілікке келерде.
5. Сары ауыз шақалақ боп жаралып,
Мейірімге бөленеді аналық
Ақ үрпекке айналады балапан,
Үлпілдеген ақ мамыққа оранып.
6. Темірқанат шақта өсіп қауырсын,
Құйрық-қанат, шалғысы өсіп дамиды.
Қарақат кез келеді жетілген,
Бір жастан соң «бүркіт» деп ел танитын.

2. Тірнек жас

7. Тірнек жаста құс мінезі жаңарар,
Құс киімі тақыр тартып мазалар.
Балапандық бүгін түгел сақтаған,
Екі жаста бүркіт – тірнек саналар.
8. Бүркіт үшін тірнек жылы қиын жас,
«Ақ сүйрігі» артса шабыт бұйырмас.
Тірнек «ауыр» мағынасын беретін,
Көне түркі сөзіменен ұғымдас.

3. Тас түлек

9. Үш жасында түлек шығар түрленіп,
Бау тағары жуандайтын бүрленіп,
Тозған, сынған көне жүндер жаңарып,
Көк шаңытты құбылады түрге еніп.
10. Екі жылдық есі жүннен арылып,
Шақ туады түлек күткен сарылып.
Тоқсан күнде «тастай түлеп» жұтынып,
Тас түлек боп, аңға түсер жанығып.

4. Ана жас

11. Ана жаста бүркіт төртке толады,
Дүр сілкініп, тұғырына қонады.
Төрт жылдан соң жұмыртқалау тек қана,
Бүркіт сынды текті құста-ақ болады.
12. Ана жаста ұрпақ өрбіп өсер шақ,
Күй жылы мен күйіт жылы өтер шақ.
Құсбегілер «ана жылы» атаған
Ұябасар аналық күй кешер шақ.

5. Қана жас

13. Түзден болар табысы мен қорегі,
Бүркіт бесте «қана» жасқа келеді.
Не себептен аталғаны «қана» деп,
Ғылымға да мәлім емес дерегі

6. Мұзбалақ

14. Маңдайында құстың бақты, талабы
Қияндағы қылт еткенді шалады.
Құтқармайтын қыран кезі қашқанды,
Қан мен терден сауыс болған балағы.
15. Қырып салар қыран шағы түз жарап,
Бұл – бүркіттің жасы емес «мұзбалақ».
Құсбегілер мадақ етіп сын, бабын,
«Мұзды балақ» атап кеткен бұрмалап.

7. Көк түбіт

16. Бұл шақ құстың барқын тартып ажары,
Жебеленген қауырсындар тағады.
Тебіндеген «көк соқнатын» жасырып,
Құс денесін кіреуке жүн жабады.
17. Бүркітке тән бойда қайрат, ептілік,
Шабыт шақты тоят табар өткізіп.
Еліптері қияқтанған көк тартып,
Қыран құстың кемел шағы – көк түбіт.

8. Май түбіт

18. Дәурен шақтың артта қалып белесі,
Қоренденіп, май жинайды денесі.
Шаң мен терге араласып сыбасқан,
Сыртқа теуіп шайыр тартып көбесі.
19. Бұл кезеңде құс толысар шайланып,
Шелденеді түбіт жүні майланып.
Шабыт қайтып, орта жастан ауады,
Шау тартады «май түбітке» айналып.

9. Барқын

20. Барқында құс қарттыққа иек артады,
Тұғырында күн өткізер шар шағы
Қара шаңыт түстер мүлде жоғалып,
Қауырсындар қара барқын тартады.
21. «Барқын» сөзі жасы емес бүркіттің,
Барқынданған құстың сыны, түр-түстің.
Қарттық шақтың сипатынан сыр тартқан,
Тәжірибесі құсбегілік тірліктің.

10. Баршын

22. Кәріліктің жеңер шағы алқымдап,
Барқыннан соң келіп жетер баршын шақ.

Өжеттік пен өлермендік басылар,
Бұрынғыдай аңға түспес қарқындап.

23. Арман болып, арлан алар арыны,
Қаршығадай болып қалар шалымы.
Қанаттары ауырлайды далбақтап,
Бәсең тартып серпіні мен жалыны.

11. Шөгел

24. Кәрі боз боп қарттық жетіп алжыған,
Шөгел болар тұғыр қана саңғыған.

Саят емес, үй маңынан шықпайтын,
Шақ туады түзден шыққан аңдыған.

25. Барқын, баршын, шөгел құстың шер шағы,
Дәурені өткен өжеттіктің кем шағы.

Кәрі шөгел – енді «мола» атанып,
Қыран-ғұмыр аяқталар көр шағы.

26. Бүркіт жасын тіл жеткенше толғадым,
Ұрпағыма аманат жыр жолдадым.

Ұмыт болмай баба салты, кәсібі,
Жеткіншекке жетсе деген ойдамын.

27. Ғасырларды басып өтіп, жылды асып,
Мұра болған бұл атаулар жалғасып.

Ұлтымыздың тіл қорынан өшкен жоқ,
Жатса дағы нешеме ұрпақ алмасып.

Қазақ халқының тағы бір ғажайып өнерінің бірі – саятшылық, яғни құс алу арқылы аңшылық құру. Бұл өнер тіршілік қамы ғана емес, көңіл көтеру, бойға күш алу, қызықтау әрі спорт ретінде қазақ даласында тым ерте дамыған. Саятшылық негізінде аңды құс салу арқылы аулайды. Саят құстарына бүркіт, сұңқар, қаршыға, тұйғын, ителгі сияқты алғыр құстар жатады. Саят өнері ептілікті, білгірлікті, табиғат тылсымын жете білуді, сондай-ақ аталған құстарды ұстау, баулу сияқты «бір сырлы, сегіз қырлы» болуды талап етеді. Мұның өзі жеке бірнеше жылға созылатын ғылым десе де болады. Саятшылар ел ішінде өте сыйлы, құрметті адамдар қатарына жатады. Олар кезінде осы құс салу арқылы ел-жұртты тамақпен, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілерімен қамтамасыз еткен ел қомқоры, асыраушысы деп те санаған. Сөз басында айтқандай саятшылардың ең негізгі құралы – қыран бүркіт. Бүркіт – текті құс.

Бүркіт ұзақ, 30-50 жыл, тіптен одан да көп жасайды. Онымен 15-20 жыл аң аулауға болады. Дегенмен, жыл өткен сайын қайраты қайтып, әлсірей береді. Қайраты таусылған бүркіт биік тау жартасты, құзға барып өзін-өзі төменге тастап өледі екен...

Саятшылық пен құсбегілікті өнер деңгейіне көтере білген қазақ халқының бекзаттық мәдениетінің құндылығы өте жоғары екендігін мақтанышпен айта аламыз.

Тіпті осы құсбегілік өнерге қатысты атаулар мен атқарылатын істерге байыптап көз салар болсақ, осы өнердің біраз сырына көз жеткіземіз. Мысалға, «**Биялай**» – ірі қара малдың иленбеген терісінен тігілген қолғап. Оның ішінде киізден жасалған қолғап тағы да болады. Қолғап тек оң қолға арналып тігіледі. Ол бүркіттің өткір тырнақтарына шыдамды, қолды жараламайтындай болып жасалады.

«**Томаға**» – жұмсақ былғарыдан жасалған бүркіттің басына кигізіп, көзін жауып қоятын қалпақша. Бүркіттің көзі ашық тұрса, көзіне көрінген мақұлыққа талпынып, тыныш отыра алмайтын болады. Сол себепті бүркіттің басына томаға кигізіп қояды. Томаға бүркіттің басына дәл етіліп тігіледі, не тар, не кең болмауы тиіс. Томаға әртүрлі зергерлік заттармен әшекейленгендіктен, өте қымбат заттардың қатарына жатады.

«**Тұғыр**» – бүркіттің қонып отыратын орны. Ол әртүрлі ағаштардың иіліп өскен түбірінен кесіліп алынады. Оларды өңдеп, мәніне келтіріп, бүркіт қонып отыратын жеріне кигіз шегеленеді. Қыран құс отыратын тұғырға шығыршық қағып, бау байлауға ыңғайлы етеді. Тұғырдың бірнеше түрлері болады.

«**Балдақ**» қолға алынған құсты тіреуге арналып жасалады. Бүркітті аң аулауға алып шыққанда бүркіттің салмағынан қол тез талып кетеді. Сондықтан да қол талмау үшін қолдың астына балдақты тіреп қояды. Өйткені балдақтың үстіңгі жағында білек тұратын ыңғайлы ашасы болады. Балдақтың төменгі жағына тесік жасап, оған қайыс өткізіп, ердің қасына байлап қоятындай етіп жасайды. Балдақтың төменгі жағы ердің қасына мықтап бекітіледі. Балдақ негізінен сүйегі мықты ағаштардан жасалады. Оның бірнеше түрлері болады.

«**Жемқалта**» – кішкентай ғана төртбұрышты дорба. Оған бүркітті қолға үйрету үшін біраз жас ет салып қояды. Дорба киізден тігіледі, сыртқы жағын мықты материалмен қаптайды.

«**Аяққап**» – арнаулы, кішкентай қолғап саусақтарына аңдарды ұстаған кезінде олар бүркіттің аяғын шайнап тастамау үшін қолданылады. Ол мықты темірден жасалынады.

«**Жезтұяқ**» – металдан жасалған тырнақ протез.

«**Сүзу**» – шұғалардан есіліп жасалынатын жіптер. Жабайы жыртқыш құстарды қолға үйреткен кезде құс аспанға шарықтап ұшып кетпеу үшін пайдаланылады. Бұл құстардың аспанға жоғары көтеріліп ұшпауын реттеп тұруға қажетті нәрсе.

«**Ырғақ**» – жабайы құстарды қолға үйретуге қажетті зат. Жабайы құстарды ұстап алғанда қолға бірден тез үйреніп кетпейді. Ырғақ сол үшін керек. Ол үшін ағашты кесіп алып, оның екі басына арқан байлап әдейі орнатылған діңгектердің арасына байлап қояды. Ырғаққа қонақтаған бүркіт үнемі ырғалып қозғалып тұрады. Бүркіт жығылып қалмайын деп үнемі салмаған реттеп, ұйқы көрмей тұрып алады. Ұйықтайын десе, ырғақ тербеліп кетіп, бүркіт жығылып қала жаздайды. Осылайша әбден шаршаған құс қолға тез үйреніп кетеді.

«**Түтік**» құстың өңеші арқылы ішіне әр түрлі сұйық зат құю үшін пайдаланылады. Құс ауырған кезде дәрі беріп емдеу үшін арнаулы түтік қолданылады. Ол жіңішке ағаштардан немесе құстың асықты жілігінен жасалады. Түтік жасау үшін ағаштың өзегін алып тастайды. Сыртын мұқият түрде өңдейді.

Жоғарыда бүгінгі жас құсбегілердің бүркіт жасына қатысты берген мәліметтерін толықтыра кетсек. Бүркіттің жасына байланысты түрлі атаулары бар: Бір жасары – Балапан құс. Екі жасары – Қаң түбіт. Үш жасары – Тірнек. Төрт жасары – Тастүлек. Бес жасары – Мұзбалақ. Алты жасары – Көк түбіт. Жеті жасары – Қана. Сегіз жасары – Жаңа. Тоғыз жасары – Барқын. Он жасары – Баршын.

Бүркітшілер өз құсына 20 жасқа дейін түрлі ат береді. Оның себебі бүркітті жиырма жастан асырып ұстамайтындығына байланысты болса керек.

Енді бір кезек бүркіт түрлерінетоқталакетсек. Қазақтың ұлы ғұламаларының бірі, белгілі этнограф, академик Әлкей Марғұланның «Саят құстары» атты еңбегінде бүркітті бірнеше топқа бөліп көрсетеді. Ғалымның айтуынша, тек жағынан және мекендейтін орындарына байланысты биология ғылымы оларды

бес топқа бөледі екен. Қараңыз:

Бірінші топқа – «Оралдың ақиығы»; екінші топқа – «Алтайдың қара тарланы», үшінші топқа Алатау, Памир тауларын мекендейтін «үш шүгел» деп атап, «мұзбалақ шүгел», «шошақты шүгел», «сүйелді шүгел» бүркіттері, төртінші топқа – Орал, күнбатыс Сібірлік «Қазақтың қарагерін», бесінші топқа – Сарысу, Шу өзендерінің маңы, Қаратау, Сырдария төңірегін мекендейтін «құмның қызыл көзі» деп аталатын бүркіттерді жатқызады. Сондай-ақ Сырдария, Қаратау маңында мекен ететіндерді «Желектің жирен тұяғы» деп те атайды.

Абай суреттегендей, «Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» деп құсбегілік пен саятшылық яғни құс салып аң аулау өнері де қазақ өміріндегі сирек кездесетін қызықты салт ғана емес құндылығы әлемдік деңгейдегі бекзаттық өнеріміз бен мәдениетіміздің өркениеттік өресін танытатын асыл мұрамыз.

Сөз соңын академик Әлкей Марғұланның құсбегілік туралы: «Құсбегілік – қазақ өнерінің ішінде зерттелмей жатқан үлкен тарауы. Оның тарихи ескерткіш екеніне ешқандай күмән жоқ... Біз бір кездерде қалың жұртты қайран қалдырып, талайларды таңдай қақтырған осы наз өнердің біртіндеп сиреп, қайталанбастай болып жоғалып бара жатқанының куәсі болып отырмыз. Саятшылық – ғажап құбылыс, үлкен өнер, зор ғылым. Ол халық жүрегіне жол тапқан көптеген әдеби, мәдени және музыкалық шығармалар тудырды дедік. ...Саятшылық өнері арқылы халық табиғатпен қоян-қолтық араласып, оған жақындығын сезінетін, осы сезім сейілсе, бір кезде дамып, қанат жайған халық мәдениетінің де бір бөлшегі ұмытылғаны емес пе?!» деген деген сөзімен қорытындыласақ, бұл өнердің бар маңызы мен мәнін көрсететіні анық.

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Бабалықұлы Ж., Тұрлыбаев А. Қырандар. - Алматы: Жазушы, 2009. - 224 б.
2. Бес жүз бес сөз.— Алматы: Рауан, 1994.
3. Ержанұлы Е. Құсбегілік қазақтың бренді бола ала ма? // Егемен Қазақстан. – 2014. – 26 ақпан.
4. Марғұлан Ә. Саят құстары [Электронный ресурс] // Қазақстанның ашық кітапханасы. URL.: http://www.ikitap.kz/reader/sayat_qustary (Дата обращения: 27.07.15).
5. Мүптекеқызы Б. Қазақ құсбегілері. - Алматы: Таймас Принтхаус, 2006.

References

- Babalykuly 2009 - Babalykuly, ZH, Turlybaev, A 2009, *Qyrandar*, Zhazushy, Almaty, 224 b. (in Kaz).
- Bes zhyz bes sez 1994 - *Bes zhyz bes sez* 1994, Rauan, Almaty. (in Kaz).
- Erzhanuly 2014 - Erzhanuly, E 2014, Kusbegilik kazaktyn brendi bola ala ma? *Egemen Kazakstan*, 26 akpan. (in Kaz).
- Margulan Nd - Margulan, A 2014, Sayat qustary, *Kazakstannyn ashyk kitapkhanasy* retrieved 29 August 2015 http://www.ikitap.kz/reader/sayat_qustary. (in Kaz).
- Muptekekyzy 2006 - Muptekekyzy, B 2006, *Kazak kusbegileri*, Tajmas Printkhaus, Almaty. (in Kaz).

Кусбеги и саят (охота с ловчей птицей) старинный вид нематериальной культуры

Толенова Зирабуы Маймаковна

к.и.н., доцент, заведующий отделом, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Институт истории и этнологии им. Ш. Валиханова. 480021 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28. E-mail: tolenova@mail.ru

Аннотация. В данной статье охоту с ловчими птицами автор представляет как историческую ценность казахского народа, один из важнейших видов традиционной нематериальной культуры и подчеркивает ее роль в традиционном казахском обществе, доказывая на основе материалов историко-этнографической экспедиции ее возрождение в современности.

Это искусство является ценным наследием казахского народа. Автор с целью развития и сохранения этого искусства предлагает сначала изучить его истоки и место в национальном сознании народа. Также знакомит с некоторыми забытыми терминами, связанными с этой культурой.

Ключевые слова: охота с ловчими птицами; нематериальная культура; ценности; беркут; перчатка беркутчи; «шырга»; «балдак»; «далбай»; «томага»; «аякбау».

Kusbegilik and Sayatshilik – an Ancient Form of Intangible Culture

Tolenova Zirabuby Maymakovna

Doctor of Historical Sciences, associate professor, Director of Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. 480021 Republic of Kazakhstan, Almaty, 28, Shevchenko str. E-mail: tolenova@mail.ru

Abstract. In this article, the author presents kusbegilik and sayatshilik (training and hunting with hunting birds) as a historical value of the Kazakh people, one of the most important types of traditional non-material culture, and emphasizes its role in traditional Kazakh society, arguing its revival in modern times (basing on historical and ethnographic expedition materials).

This art is a valuable heritage of the Kazakh people. For the purpose of its development and conservation, the author offers to study its origins and place in the national consciousness of the people at first. Besides, the author familiarizes with some forgotten terminology associated with this culture.

Keywords: kusbegilik and sayatshilik (falconry); intangible culture; values; eagle; falcon; glove; «shyrga»; «baldak»; «dalbay»; «tomaga»; «ayakbau».